



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

22 мамыр, 2018

Алматы

Twitter-де 140 символ, Instagram-да 1 секунд

Болашақтың медиа-контенті: зарыш зерттеулері мен клип мәдениеті журналистикаға қандай өзгеріс әкеледі

22-24 мамырда Алматы қаласындағы The Ritz-Carlton қонақ үйінде он бесінші Еуразия Медиа Форумы өтіп жатыр. 2002 жылы алғаш рет өткізілген конференция 60 ел мен әр құрлықтан келетін 500-ден астам делегаттың басын қосатын халықаралық коммуникациялық алаң. Форумның кең ауқымды бағдарламасы көкейкесті тақырыптар мен танымал спикерлерді қамтиды. Олар 50-ден астам халықаралық және қазақстандық сарапшылар – мемлекет қайраткерлері, саясаттанушылар, БАҚ өкілдері.

Медиа Форумға қатысушылар алғашқы күні Samruk-Kazyna Trust Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен ұйымдастырылған авторлық шеберлік дәрісін тыңдады. Айталық, қазақстандық медиа-менеджер, SEO Select Communication Group продюсері Виктор Елисеевтің дәрісі медиа әлеміндегі аса маңызды ғаламдық тенденция БАҚ-тың «дигитализациясы» мен аудиторияның сұранысына қажет ақпараттық өнімді дайындауға арналды. Спикер қазіргі заманғы мультимедиялық журналистиканың ғаламдық түйткілдеріне, оның еліміздегі статус-кво сипатына тоқталып, медиатұтырудың басты бағыттары, Digital дәуіріндегі заманауи медиа-контент форматтары жайында әңгімелеп берді.

Виктор Елисеевтің пікірінше, медиа нарықтың дамуындағы негізгі беталыстың бірі – жыл өткен сайын белең алып жатқан видеоконтентті тұтыну көлемі қарыштап өсуде. Адамдардың 40 пайызға жуығы ақпаратты YouTube және Facebook әлеуметтік желісінен алады. Әйтсе де, әлеуметтік желіде

контентті қалыптастыратындар онша көп емес. Барлық қолданушылардың небәрі 1 пайызы ғана.

Виктор Елисеев Digital дәуірінде сұранысқа ие контентті дайындау үшін мультимедиалық технология, инструменттер мен журналистикадағы тың тәсіл қажет екеніне сенімді. Ақпарат барынша қысқа болуы тиіс. Сонымен бірге оның көрінуі және контентті дайындауға оқырмандарды барынша тарту, сондай-ақ өз аудиториясымен тұрақты байланыстың болуы маңызды. Ал баспасөзге келсек, Виктор Елисеевтің ойынша, оның дәуірі өтті. Үйреншікті ұғымдағы телевизия да құрып барады.

«Бұрын телевизия бәріне және әркімге болса, қазір ол 55-тен асқан көрерменге арналған медиа. Сондай-ақ контентті кросс-медиалық тұтыну артып барады. Мәселен, телекөрерменнің 43 пайызы ТВ-ны әлеуметтік желіге кіргенде, телефонмен сөйлесіп жатқанда көреді», - дейді ол.

Бүгінде клип мәдениеті даму үстінде. Бұл дүниені қысқа әрі жарқын бейнелер мен хабарлама (жаңалықтар лентасы, қысқа мақала немесе видео) арқылы қабылдау деген сөз. Осы трендті көбіне жағымсыз құбылыс ретінде қабылдайды. Өйткені үзік-үзік ақпарат тақырыптың тереңіне бойлауға мүмкіндік бермейді. Ал шындығында жастардың тұтас бір буыны ақпаратты дәл осылай қабылдайды. Журналистер мұны пайдаланса болады.

Елисеев «Біз клип мәдениетінің гүлдену дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Шешім қабылдап, ілгері жылжу үшін Twitter-де 140 символ, Instagram-да 1 секунд жеткілікті. Қазір бәрі ұялы телефонға байланысты. Сонымен ұйықтап, сонымен бірге оянады. Мобильдік форматқа бейімделу зор мәнге ие», - дейді.

Оның пікірінше, технологиялық жаңалыққа қарсы тұрудан пайда жоқ. Ақпараттық орта жан-жақты дамуда. Ал журналист мамандығы барған сайын «цифрлық» машықты талап етеді.

«Цифрлық болмыс шеңберінде контент басты мақсат емес. Контентті тұтынушылар үшін, неге екені түсініксіз, мазмұнға қарағанда, сыртқы пошымы маңызды. Сондықтан ақпаратты жеткізуде мына екі нәрсені ескеріңіз: сыртқы форма мен навигация. Сіздің материалыңыз қалай көрінеді? Оны қалай оңай табуға болады? Сайып келгенде, осы екі фактор траффикті қалыптастырады», - деп санайды Елисеев.

Виктор Елисеевтің шеберлік дәрісінде табиғи ресурстарды өндіру және қайта өңдеу саласында жетекші саналатын халықаралық диверсификацияланған Eurasian Resources Group (ERG) компаниясы серіктес болды.

«Байқоңыр әсері». Еуразия Медиа Форумында осындай атаумен ғарыш тақырыбына маманданған халықаралық журналист, Корольдік астрономиялық қоғамдастық мүшесі, Лондондағы Ғылым музейінің елшісі, ұлыбританиялық Тира Шубарт шеберлік дәрісін өткізді. Тира ғарыш туралы тақырыптық жаңалықтар сюжетін дайындау бойынша өз тәжірибесін ортаға салып қана қоймай, ғарыштық зерттеулердің құбылмалы әлемі, планета туралы біздің түсінігіміздің өзгерісі, Күн жүйесі мен ғаламшар туралы өз көзқарасын білдірді. Шеберлік дәрісінің атауы кездейсоқ емес. Өйткені Қазақстандағы Байқоңыр айлағы ғарыш туралы түсініктің өзгеруінде маңызды роль атқарды. Тираның дәрісінде ғарыштағы тарихи оқиғаларды бейнелейтін кадрлар мен видеороликтер көрсетіліп, келешекке көз тастап, таяу жылдары қандай ғарыш технологиялары қолданысқа енгізілетіні айтылды. Тира «ғарыш» контенті медиа саласында барынша тиімді екеніне сенімді. Өйткені ғарыштан түсірілген материалдар мен суреттер адамға шабыт береді. Біздің осал планетамызды қорғауға деген ынта-ықыласты ұлғайтады. Тиісінше, БАҚ аудиториясының сұранысын да арттырады.

Еске салайық, XV Еуразия Медиа Форумы Алматыда «Эволюцияның 15 жылы: құбылмалы дүние және бізге өзгеріс әкелген әлем» деген тақырыппен өтуде. Бұл ЕАМФ-ның Қазақстан Республикасының сырттағы имиджін қлыптастыруда тиімді әрі заманауи құрал ретіндегі рөлінің өсіп жатқанын паш етеді. Форумның ауқымы мен халықаралық деңгейі еліміздің ғаламдық ақпарат кеңістігімен интеграциялану миссиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Форум жұмысының арқасында Қазақстан халықаралық қоғамдастықта беделді сарапшылар, әлемдік БАҚ, қоғамдық пікірдің көшбасшылары деңгейінде танымал бола түсті.

Мерейтойлық Форумның спикерлері арасында мемлекет қайраткері, бұрынғы премьер-министр, Италия парламентінің сенаторы (Тоскано) Маттео Ренци, BBC телеарнасының редакторы, «Эмми» сыйлығының иегері Гэвин Хьюитт, ЕҚЫҰ-ның БАҚ-тағы сөз еркіндігі бойынша өкілі Арлем Дезир, американдық саяси технолог, президент Барак Обаманың екі бірдей сайлау науқанындағы белді кеңесшісі Роджер Фиск, қоғамдық және саяси қайраткер, журналист, тележүргізуші Ксения Собчак, Грузияның бұрынғы білім министрі Хатия Деканоидзе, Жапонияның тұрақты энергетиканы дамыту институтының директоры Тецунари Иида, ресейлік журналист, продюсер, тележүргізуші Софико Шеварнадзе, НВО кабельдік және спутник тележелісінің VICE News Tonight шетелдік жаңалықтар бөлімшесінің басшысы Норин Жамиль бар.

XV Еуразия Медиа Форумының Бас серіктесі – «Самұрық-Қазына» АҚ,
Әлеуметтік серіктес - Samruk-Kazyna Trust Әлеуметті жобаларды дамыту
қоры.